

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0




Рисунок 4 - Структура экспорта Республики Казахстан по основным товарным группам с третьими странами, не входящими в ТС, 2013 г. (млн. долларов США).

В товарной группе «Прочие товары» наблюдается обратная тенденция. В 2010 году цена экспортированных товаров составляла 1 221,2 млн. долларов США. Последующие 2011 и 2012 года характеризовались приростом в 11169,3 и 1919,2 млн. долларов США. Однако в 2014 году эти показатели сократились в двое по сравнению с 2010 годом, снизившись до 611,7 млн. долларов США [1]. Казахстан занимает 42 место в 2013 году по объему экспорта в 84,7 млрд. долл. США и долей в мировом экспорте в 0,5%. Ежегодный прирост экспорта за 2008-2013 годы составляет 19%. Для дальнейшего повышения экспорта необходимо диверсифицировать рынки сбыта, осуществлять производство новых товаров, имеющих высокие конкурентные преимущества.

Литература:

1. Внешняя торговля Республики Казахстан. Статистический сборник. /Под ред. А.А.Смаилова - Астана: Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан, 2014 - 271 стр.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНА ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Рысбекова М.О., Өтепбергенов А.С., Айтбаева К., Еркенов О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: astana_e-11@mail.ru

Қазіргі таңда Қазақстан әлемдік шаруашылықтың толық қанды мүшесі болып табылады. Республикамыздың экономикасының дамуы экономикалық ортада инвестициялық бағытты құруды талап етті. Шетелдік инвестицияның құйылуы өндірістің масштабының кеңеюіне және сонымен қатар экономиканың әлеуметтік экономикалық дамуының сапалы, жаңа деңгейге шығуын қамтамасыз етеді. Экономикадағы жаңалықтар мен өсулер шетелдік инвестицияның көлемімен, құрылымымен және олардың жүзеге асырылу сапалары мен қарқынымен анықталынады. Сонымен қатар, инвестициялық жинақтаулар мен олардың материалдық ресурстарынсыз инвестицияда ешқандай оң нәтижелер болмайды [1].

Қай елде болмасын инвестицияның келуі инвестициялық климат дәрежесіне және оны анықтайтын факторларға тікелей байланысты болады. Инвестициялық климатты дайындау шетелдік инвестицияларды тарту мен пайдалану саясатының негізгі міндеттері болып

табылады. Себебі, біріншіден, инвестициялық климат шетелдік инвестицияларға әсер ететін факторларды анықтауға; екіншіден, мемлекеттегі жағдайларды тереңірек бағалауға; үшіншіден, шетел субъектілерінің мінез-құлықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Шетелдік инвесторлар осы көрсеткіштерді бағалап, мемлекеттегі инвестициялық климаттың жағымды немесе жағымсыз екендігін анықтайды. Егер инвестициялық климат жағымды болса, инвестиция бойынша шешім қабылдайды. Инвестициялық климат инвестициялық саясаттың әсер ету объектісі болып табылады. Бұл бір жағынан инвестициялық саясатты жасау үшін алғашқы жағдайларды анықтаса, ал екінші жағынан инвестициялық саясаттың нәтижесі болып табылады.



Сурет-1. Шетел инвестицияларын тартудағы әсер ететін негізгі факторлар

Шетелдік капиталды импорттайтын елдер инвестицияны белгілі бір себепке байланысты қажет етеді:

1. Елдің экономикалық дамуын қаржыландыру үшін қаражат жетпеушілігін, халықтың жұмысбастылық деңгейін көтеру қажеттілігі;

2. Шетелдік капиталды аймақтық шаруашылық құрылымдарды жетілдіру, жаңа техника мен технологияларды алу, бәсекеге қабілеттілікті көтеру үшін тартады.

Шетелдік инвестицияларды тартудағы факторларды келесідей сипаттауға болады:

Инвестициялық климаттың факторлары жағымды және жағымсыз болып бөлінеді.

Инвестициялық нарық пен оның жекелеген сегменттерінің жағдайын сұраныс, ұсыныс, баға және бәсеке сияқты элементтер сипаттайды. Нарықта бұл элементтердің қатынасы үнемі өзгеріп отырады. Инвестициялық нарықтың белсенділігі мен жекелеген элементтерінің арақатынасы нарықтың жай-күйін зерттеу арқылы анықталады [2].

Нарық жай-күйі – инвестициялық нарық пен оның жекелеген сегменттеріндегі сұраныс пен ұсыныстың арақатынасын, баға мен бәсекенің деңгейін айқындайтын факторлар әсерінің нәтижесі. Инвестициялық нарықтың жай-күйінің өзгерісі төрт кезеңнен тұрады: жай-күйдің көтерілуі, бум, әлсіреу және құлдырау.

Инвестициялық нарықты бағалау және болжау. Инвестициялық нарықты макроэкономикалық тұрғыдан зерттеу инвестициясының тартымдылығын қамтамасыз ететін елдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси-мемлекеттік, мәдени жағдайлардың жиынтығын құрайтын инвестициялық ахуалды бағалауға негізделеді.

Шығындар бойынша есептеу. Шығындар бойынша есептелген ЖІӨ барлық макроэкономикалық агенттердің шығындарының қосындысын көрсетеді, себебі бұл жағдайда экономикадағы өндірілген тауарлар мен қызметтердің ең соңғы тұтынушысы кім

болғаны, оларды сатып кім қаражат шығындағаны ескертіледі. Шығындар бойынша келесі көрсеткіштер қосындысы алынады:

$$ЖІӨ=C+I+G+N_x \quad (1)$$

мұндағы: С – тұтыну шығындары, I - жалпы инвестициялар, G – мемлекеттік шығындар, N_x – таза экспорт.

Тұтыну шығындары – бұл үй шаруашылықтарының тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға кететін шығындары. Жиынтық шығындардың ең негізгі құрауышы болып есептелінеді.

Инвестициялық шығындар – бұл фирмалардың инвестициялық тауарлар сатып алуға кеткен шығындары. Инвестициялық тауарлар деп капитал қорын көбейтетін тауарларды айтады. Инвестициялық шығындар төмендегілерден тұрады:

Инвестицияны мемлекеттік қолдаудың бір әдісі ретінде қызметінің басты бағыты ұлттық экономиканы әртараптандыруға көмектесуге бағытталған мемлекеттік қаржы институттары арқылы жобаларды қаржыландыруды атап айту керек. Ел экономикасын диверсикациялауды жеделдетуге мен аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуінде Қазақстанның 7 макроаймақтарында өз қызметін жүзеге асыратын әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялармаңызды рөл атқарады [3].

Кесте 1

Қазақстан Республикасының 2013-2015 жылдар аралығындағы шетел инвестицияларының салыстырмалы үлесі.

	2013		2014		2015		2013-2015		2013-2015 өсім/түсім млн. АҚШ долл +, -
	млн. АҚШ долл	%	млн. АҚШ долл	%	млн. АҚШ долл	%	млн. АҚШ долл	%	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы	163326,9	100	171797,8	100	177898,4	100	513023,1	100	+14571,5
Тікелей инвестициялар	28 885	17,7	24 012	14	23 888	13,4	76 785	15	-4997
Портфельдік инвестициялар	62 811,8	38,4	72 797,6	42,4	76 849,3	43,2	212 458,7	41,4	+14038
Басқа инвестициялар	43 362,1	26,5	50 273,5	29,2	50 661	28,5	144 296,6	28,1	+7298,9
Қор активтері	28 268,8	17,4	24 715,2	14,4	26 500,1	14,9	79 484,1	15,5	-1768,7

Е с к е р т у – авторлармен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректерінің негізінде құрастырылған.

Қазақстан тікелей шетел инвестицияларын тарту жөнінде үздік 20 елдің арасынан орын алып тұр. ТМД елдері бойынша 2 орынға ие (1-ші орын - Ресей). Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингісі бойынша да Қазақстан 50-шы орынды алып отыр.

Қазақстанның Ұлттық Банкінің көрсеткіштері бойынша Қазақстан экономикасына 2005 жылдан 2015 жылға дейін 208 млрд. АҚШ долл. тікелей инвестициялары тартылды. 2005 жылдан 2015 жыл аралығындағы тікелей шетел инвестициясының жалпы орташа өсу қарқыны 17,4% құрады. Ең басты инвесторлар Нидерланды, АҚШ, Швейцария, ҚХР, Франция және Ұлыбритания [4].

2015 жылы Қазақстанға тікелей шетел инвестицияларын тарту көлемі 23,8 млрд. АҚШ долл. құрады.

Шетелдік инвесторларға қолайлы жағдайлар. Кедендік баж салығынан босату:

1) Инвестициялық келісім бойынша технологиялық құрал-жабдықтарды импорттаған кезде босатылады. Бірақ инвестициялық келісім тіркеуінен 5 жыл кем емес.

2) Технологиялық қосалқы құрал-жабдықтарды импорттаған кезде кедендік баж салығынан босатылады.

Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингісі

Орын	Мемлекет	Балл
1	2	3
1	Швейцария	5,70
2	Сингапур	5,65
3	АҚШ	5,54
4	Финляндия	5,50
5	Германия	5,49
6	Жапония	5,47
...
50	Қазақстан	4,42
53	Ресей	4,37
76	Украина	4,1

Е с к е р т у – авторлармен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректерінің негізінде құрастырылған.

Натуралық гранттар.

Белгіленген активтердің инвестициялық көлемінен 30% кем емес.

Өтеусіз қолданыстар: жер участкілері, ғимараттар, құрылыстар, машиналар және құрал-жабдықтар, есептеулік техникалар, өлшеу және реттейтін аспаптар, транспорттық құрылыстар, өндіретін және шаруашылық мүліктер.


Визасыз тәртіп. АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Малайзия, Нидерланды, БАӘ, Оңтүстік Корея азаматтарына 2015 жылдың 15 шілдесінен 2015 жылдың 15 шілдесіне дейін 15 күннен аспай визасыз тәртіпті енгізді.

Шетелдік жұмыс күші. Инвестициялық жобаны асыру барысында шетелдік жұмыс күшіне жұмысқа деген рұқсат қажет емес.

Инвестициялық жобалардың салықтан босату. Корпорациялық табыс салығы (10 жыл), Жер салығынан (10 жыл), мүлікке деген салық (8 жыл).

Электрмен қамсыздандыру, газ беру және ауа кондициялауы.

2013-2015 жылдар аралығында электрмен қамсыздандыру, газ беру және ауа кондициялауы ТШИ тартылуы 2-ші суретте көрсетілген, осы суретке сәйкес 2013-2015 жылдары Электрмен қамсыздандыру, газ беру және ауа кондициялау саласына 719,4 млн. АҚШ доллары ТШИ-ы тартылған. 2015 осы салаға 157 млн. АҚШ доллар ТШИ тартылды. Өткен 2014 жылдан қарағанда 52%-ге өсті.




Сурет-2. 2013-2015 жылдар аралығында электрмен қамсыздандыру, газ беру және ауа кондициялауы ТШИ тартылуы

Е с к е р т у – авторлар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректерінің негізінде құрастырған.

Құрылыс саласы. 2013-2015 жылдар аралығында құрылыс саласына салынған ТШИ 3-ші суретте көрсетілген. Осыған сәйкес 2013-2015 жылдары құрылыс саласына 2 755 млрд.

АҚШ доллар ТШИ тартылған. 2015 жылы өткен жылмен салыстырғанда ТШИ көлемі 39,7%-ға өсті.



Сурет-3. 2013-2015 жылдар аралығында құрылыс саласына салынған ТШИ
Е с к е р т у – авторлар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректерінің негізінде құрастырған.

Жаппай және біртеңдеп сату; автокөліктерді және мотоциклдерді жөндеу саласы.

2013-2015 жылдар аралығында жаппай және біртеңдеп сату; автокөліктерді және мотоциклдерді жөндеу саласына тартылған ТШИ көлемі суретте көрсетілген, осы суретке сәйкес 2013-2015 жылдарда жаппай және біртеңдеп сату; автокөліктерді және мотоциклдерді жөндеу саласына 8 788,4 млрд. АҚШ доллар ТШИ тартылған. 2015 жылғы тартылған ТШИ көлемі өткен 2014 жылдан 94,3%-ға өсті [5].

Қазақстанда соңғы жылдары инвестициялық жағдайдың жақсаруына қарамастан, инвестициялар бойынша шетелдік кеңесшілер аудиторлық және заң фирмаларын қоса алғанда, коммерциялық және экономикалық сұрақтар бойынша шетелдік елшіліктердің атташелері (олар қызығушылық білдіріп, бірақ инвестициялауға толық шешім қабылдамаған мүмкін инвесторлармен тікелей таныс) қазіргі күнге дейін республикада келіссөздер жүргізу және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін сәйкесінше жағдайлар жасалмаған деп есептейді. Олар инвестициялық жағдайлар бойынша халықаралық индекстерді дәлелге алады, мысалы, ЕБРР (Европалық қайта құру және даму банкі), ол бойынша Қазақстан қолайлы емес инвестициялық жағдайлары бар елдер қатарына жатады. Олар жемқорлық, мәліметтерді жиі бұзу, инвестициялауды жүзеге асырудағы жоғары шығындар, виза дайындаудағы қиындықтар мен жергілікті іскер серіктестерінің сенімсіздігі туралы айтады. Осы проблемалардың бәрі инвесторларды кен өндіру өнеркәсібінен басқа өндіріс және қызмет салаларына инвестициялаудан шошытады.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының – 2050 стратегиясы».
2. Қазақстан Республикасының «Шетел инвестициялары туралы» Заңы 1994 жыл, 27 желтоқсан.
3. Қазақстан Республикасының «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңы, 1997 жыл.
4. <http://invest.gov.kz/> Invest in Kazakhstan.
5. <http://www.kazninvest.kz/> АО «Kaznex Invest».
6. <http://www.stat.kz/> Қазақстан Республикасының статистика агенттігі.
7. <http://www.kdb.kz/ru/> Қазақстан Республикасының Даму банкі.